

жылы зерттелген 2493 ірі қара малының 70-і эхинококкозға шалдыққан, пайызбен есептегенде 2,8%, ал 2009 жылғы зерттелген 3188 ірі қара малының 147-сі шалдыққан, пайызбен есептегенде 4,6% құрады.

Аурудың клиникалық белгілері, сипаты уақытылы байқалмағандықтан және біздің зерттеулер базардың ветеринариялық санитариялық сараптау зертханасында жүргізілгендіктен тексерудің терең деңгейі Алматы облысының кейбір аудандарында ғана жүргізіледі. Зерттеуіміздің нәтижесі көрсеткендей малдарда эхинококкоз ауруы жыл бойы барлық мезгілде байқалады. Жалпы алғанда базарға түскен сиыр етінің эхинококкозбен зақымдану жоғарлығы арнайы шараларды жүргізу қажет екенін көрсетеді.

Базар ветеринариялық санитариялық сараптау зертханасында жүргізілген зерттеу бойынша эхинококкозға шалдығу 2007 жылы 1,38-9% (орташа 4,53%), 2008 жылы 0,98-4,9% (орташа 2,11%), ал 2009 жылы 0,78-9,18% (орташа 5,61%) аралығында болды.

1. Акбаев М.Ш. «Паразитология и инвазионные болезни животных». - М.: Колос, 2002. - С. 133.

2. Ордабеков. С. «Эхинококкоз» Жылауық құрт. Денсаулық, 2003 166

3. Қибасов М., Кереев Я.М. Эхинококкоз аса қауіпті ауру // Жаршы №1. «Бастау». Алматы, 2002. 17-19 б.

4. Шалменов М.Ш. Ларвальды цестодоздардың алдын алу шаралары. Жаршы. №2. Бастау. Алматы, 2006. 14-17б

* * *

Наши исследования, проведенные в условиях лаборатории ветеринарно-санитарной экспертизы показали определенный рост инвазированности КРС, в частности за 2007 год по эхинококкозу этот показатель составил от 1,38 до 9% (в среднем 4,87%), в 2008 году от 0,78 до 9,18% (в среднем 4,6%), 2009 году от 0,98 до 4,9% (в среднем 2,8%).

In this article build laboratory veterinary – sanitary consultant investigation show definite growth sheep, particular behind 2007 year on echinococcosis oscillation limit 1,38-9% (middle 4,87%), 2008 year on echinococcosis oscillation limit 0,78 - 9,18% (middle 4,6%), 2009 year on echinococcosis oscillation limit 0,98-4,9% (middle 2,8%).

УДК 636

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫНДАҒЫ 8640 БАС МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРАНЫ БОРДАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН «КРОУН БАТЫС» ЖШС ПРОЕКТИ

Медеубеков К.У., Бейсембай (Исаева) Г.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«Кроун Батыс» ЖШС біріккен кәсіпорны Зеленов ауданының Янайкино ауылында 8640 бас мүйізді ірі қараны қамтитын бордақылау кешенінің құрылысын жоспарлайды.

Кешеннің құрамдас бөліктері: құрама азық зауыты, дән қоймасы, мал қора-жайлары, мал сою және бөлшектеу (жіліктеу) цехтары, ет сақталатын тоңазытқышты камералар, қалдықтарды өңдеу және тазалықты қамтамасыз етуге арналған қондырғылар жүйесі.

Жобаның жүзеге асырылуы 8 айдан 15-18 айға дейінгі таналарды қарқынды өсіру мен бордақылауды жолға қойып, өңдеу кәсіпорындарын жоғары сапалы шикізатпен, 118 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Жобаның жалпы құны – 2,5 млрд. теңге.

Қаржы көздері: «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ арқылы «ҚазАгро» АҚ-ға құрал-жабдықтарды лизингке алу үшін 1977,0 млн., айналым қаржысын толықтыру үшін 198 млн. теңге бөлініп отыр.

Қосалқы құрылтайшы - «Сгоун Батыс» компаниясы 723 млн. теңге қаржы қосады.

Шығындардың өтелу мерзімі – 7 жыл.

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Янайкино ауылындағы «Сгоун Батыс» бордақылау алаңының жобалық қуаты бір мезгілде қазақтың ақбас сиырларының 8,6 мың бас төлін бордақылауға есептелген. Етті бағыттағы мүйізді ірі қара шаруашылығына ұсынылатын, жеңіл

қора-жайларды пайдалану арқылы қаржы үнемдеуге негізделген технология 3,6 мың бас бұзауды 8 айдан – 12 айға дейін қарқынды өсіру мен 5 мың бас тананы бордақылауға арналған. Қазақтың ақбас сиырының еркек таналары келісім бойынша Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының «АТМЗ Чапаев» ЖШҚ, «Айсұлу» БК, «Ақбас» ЖШҚ, Орал қаласының «Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы», Ақжайық ауданының «Ілбішін» ЖШҚ мен «Сәбит» БК, Зеленов ауданының «Шұнайбеков» және «Метовосян» біріккен кооперативтері, сондай-ақ Жәнібеков ауданының «Әлем» біріккен кооперативінен сатып алынатын болады.

Бұл бордақылау алаңында американың солтүстігінде кеңінен таралған «суық» әдіспен бордақылау тәсілі қолданылады. Ұсынылып отырған жаңашыл технологияға сай, үш қабырғалы қора-жайлардың әрқайсысында шамамен 400 бас тана бос бағылатын болады. АҚШ, Канада, Ұлыбританияның етті мүйізді ірі қара шаруашылығында кеңінен пайдаланылатын бұл технология технологиялық үрдістерге қаржы жұмсау қағидаттарын өзгертуге мүмкіндік береді. Сиыр етін өндіруде көшбасшы елдердің етті мүйізді ірі қара шаруашылығында елеулі қаржыны талап ететін, қымбат құрылыс материалдары пайдаланылмайды. Мұның басты себебі – ет өндіруден алынған табыс шығынды өтемейді. Оның үстіне, қымбат материалдардан салынған, жылы қораларды пайдалану малдарда өкпе және асқазан ауруларының көбеюі және осыған орай, малдарды емдеу, микроклиматты реттеу, қораларды тазалау т.б. жұмыстарды жүргізу үшін қосымша шығын шығаруды қажет етеді.

Етті бағыттағы арнайы сиыр тұқымдарының маңызды биологиялық ерекшелігі қысқа қарай ағза суықтан жақсы қорғалуы үшін, олардың тері астында біркелкі май қабаты мен денелерін ұзын да қалың жүн басуы болып табылады. Бұл қазақтың ақбас сиырының таналарын кез келген ауа райы жағдайында ұзақ уақыт едені тазаланбайтын баспа астында бордақылауға мүмкіндік береді.

Ет өндірудің технологиялық картасы бойынша 7-8 айлық еркек таналар 360 бастан (тәулігіне 180 бастан 2 күн ішінде) әр 13-14 күн сайын сатып алынады. Тірідей салмағы 180 кг-нан кем емес еркек таналар түрлі меншік иелігіндегі шаруашылықтардан жыл бойына сатып алынады. Мал дәрігерлері мен мамандары таналарды әкелгенге дейін оларды түгелдей тиынақты тексеріп, санитарлық өңдеу шараларынан өткізеді. Осы малдардан әрқайсысы 360 бастан тұратын өндірістік топтар құрылып, кейінгі қарқынды өсіру және бордақылау кезеңдерінде өзгеріссіз сақталады. Әр топтағы бұзаулар бір қора-жайда, бірдей азық рационында бағылады.

Өндірістік топтағы бұзауларды жетілдіре өсіру мен бордақылау 300 күнге созылады. Сегіз айдан бір жасқа дейін 120 күнге созылатын жетілдіре өсіру кезінде бұзаулар келесі бордақылау кезеңіне дайындалады. Таналарды бордақылау кезеңі 12 айдан 18 айға дейін 180 күнге созылады. Бордақылау аяқталған соң әр 13-14 күн сайын таналар өлшеніп, тірідей салмағы 450-500 кг-ға, қондылығы қажетті мөлшерге жеткендері (өсіру, бордақылау кезінде болатын шығындарды ескере отыра) 176 бастан топтастырылып сою цехына жіберіледі.

Ет өндірудің технологиялық картасын түзуде басты есептеу бірлігі бордақылаудағы малдардың алғашқы кезеңнен кейінгі кезеңге және сою цехына жіберілу айналымын ұқыпты қадағалауға мүмкіндік беретін, 60 бас танадан тұратын кіші топтар болып табылады.

Бордақылау алаңы, қора-жайларды жобалау жұмыстары америкалық «Agricultural Engineering Association» компаниясының төрағасы Джон Джордждың жетекшілігімен жүргізілді. Малдардың бойжазу (серуендеу) алаңдарының оңтүстік бетке орналасуы ескеріліп, қазақтың ақбас сиырлары таналарын өсіру, бордақылау жұмыстарын жыл бойы қолайлы да тиімді бос бағу әдісімен жеңіл материалдардан жасалған, құрамалы бөліктерден тұратын қора-жайларда бағудың барынша арзан тәсілі ұсынылып отыр. Малдардың бойжазу алаңдарына кезкелген уақытта шығу мүмкіндіктері болуы қамтамасыз етілген. Желдің басты бағыты ескеріліп, шығыс жақ беттің қабырғасын мықтырақ салу көзделген. Жер бедерінің ерекшеліктері ұтымды пайдаланылып, бордақылау және бойжазу алаңдарында жауын-шашында су ағатын арнайы жылғалар жүйесін салу жобаланған.

Шатыры жартылай жабылған, үш қабырғалы қора-жай әрқайсысы 360 басқа арналған – үш бөліктен, ал кейінгілер 60 басқа есептелген секциялардан тұрады. Бордақылау алаңдарындағы секциялардың ауданы әр бас танаға 4,5-5,0 м²-тан келетіндей етіп салынады. Мұнда мал азығын үлестіретін техника жүруіне қолайлы бетон төселген жолдармен іргелестіріле науалар орналастырылады.



1-сурет. Crown Central Asia серіктестігінің президенті С.Кабитханұлы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевты Солтүстік Америка өндірісінің мал жемдеу технологиясы жұмысымен таныстыруда.

Рацион құрамы мен мал азығының жалпы қажетті мөлшері (құнарлылығы бойынша пайызбен). Жетілдіре өсіру кезеңінде: құрама азық – 45, пішендеме мен сүрлем – 55 (әр басқа 1162 азықтық бірлік (а.б.) қажет етіледі).

Бордақылау кезеңінде: құрама азық – 50, пішендеме мен сүрлем – 50 (әр басқа 1800 а.б. қажет етіледі).

Азық құнарының белгілі бөлігі ағзадағы суық судың «жылытылуына» жұмсалатындықтан, азық пайдалану тиімділігі төмендемеуі үшін қыста мал суаруға 20-25 С°-қа дейін жылытылған суды пайдалану ұсынылады.

Таналарды баспа астындағы ауыстырылмайтын төсеніштерде бордақылауда малдың жататын орнына үлкен көңіл бөлінеді. Төсеніштер күн суығанға дейін қалыңдығы 40-50 см сабан шашу арқылы жасалады. Малдың жату орны жылы болу үшін төсеніш «қыздырылуы» тиіс. Төсеніш тапталуы, ылғалдануы, осының нәтижесінде жылу бөліңетін биологиялық процесстер басталуы үшін таналар қора-жайға күн жылы мезгілде қамалынады. Қыста тәулігіне әр басқа шаққанда 1 кг-нан үстеме төсеніш салынып отырады.

Қора-жай іші мен бойжазу алаңдарында топырақ, қи үйінділерінен көктемгі лайсаң кезде қары тез еріп, малдың құрғақ жерде жатуына мүмкіндік беретін дөңдер жасалады.

Әкелінген бұзау-таналарды қабылдау, топтарға бөлу, бір кезеңнен екіншісіне ауыстыру, ауру малдарды емдеу, егу, сондай-ақ кезекті зоотехникалық-малдәрігерлік шараларды (татуировкалау, насекомдарға қарсы өңдеу, вакцинациялау, мүйіздерін кесу, тарттыру және дегельминтизациялау) жүргізуді жеңілдету мақсатында арнайы қыспа – дәліздер орнатылады. Мал ұстауды бір-екі адам ғана атқара алуы үшін қора ішінде тар қоршаулар жасалынады.

Қоршаулар бойына мал ұстауға арналған қондырғылары бар, ені 6 м-ге тең айдау-жолдар салынады.

Құрылымдық қағидалар:

1. Қазақтың ақбас сиырларының таналарын бордақылауға арналған Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Янайкино ауылындағы алаңның жобалық қуаты 8 мың басқа тең:

1 кезең – 8 айдан 12 айға дейін 3 мың бас бұзауды қарқынды өсіру;

2 кезең – 12-18 ай аралығындағы 5 мың бас таналарды бордақылау.

Американың солтүстік аймақтарында кеңінен таралған, болашағы зор «суық» бордақылау технологиясын ендіру.

Етті бағыттағы ірі қара тұқымдарының биологиялық ерекшеліктері – қыс мезгілінде ағзаның суықтан жақсы қорғалуы үшін тері астында біркелкі май қабатының пайда болуы мен денелерін ұзын да қалың жүн басуы.

Барлық кезеңде малдарды бағу әдісі – таналардың бойжазу алаңдары оңтүстік бетте орналасуы ескеріліп, тез көшірілетін, жинамалы жеңіл материалдардан салынған, бірнеше бөліктен тұратын қора-жайларда жыл бойы бос бағу.

Төбесі жартылай жабылған қоршаулары бар үш қабырғалы қора-жайлар.

Баспалар астындағы ауыстырылмайтын қалың төсеніштер. Малдардың жататын орны күн суығанға дейін қалыңдығы 40-50 см болатын майдаланған сабан төсеу арқылы дайындалады. Малдың жату орны жылы болуы үшін төсеніш «қыздырылуы» тиіс. Күн жылы мезгілде қора-жайға таналар кіргізіліп, төсеніш тапталуы, ылғалдануы, сондай-ақ осының нәтижесінде жылу бөлінетін биологиялық процесстер басталуы қамтамасыз етіледі. Қыста тәулігіне әр басқа шаққанда 1 кг үстеме төсеніш салынып отырады.

Әр қоршаудағы малдың саны – 60 бас.

Баспа астындағы әр бас танаға қажетті орын ауданы – 4,5-5,0 м².

Қора-жай ішінде азық үлестіргіш техникаға арналған арнайы жолдың болуы.

Малдардың дөңдер үйілген бойжазу алаңына еркін шығып тұруы. Дөңдер - көктемгі лайсанда қары тез еріп, жылдам құрғайтындықтан таналардың жатуы үшін қи мен топырақтан үйіліп жасалған биік орындар.

Күшті желдердің негізгі бағыты ескеріліп, бордақылау алаңының шығыс жақ қабырғаларының биіктетіле берік салынуы.

Қоршаулар мен бордақылау алаңдарында арнайы жылғалар жүйесінің болуы.

Әкелінген бұзау-таналарды қабылдау, топтарға бөлу, бір кезеңнен екіншісіне ауыстыру, ауру малдарды емдеу, егу, сондай-ақ кезекті зоотехникалық-малдәрігерлік шаралардың (татуировкалау, насекомдарға қарсы өңдеу, вакцинациялау, мүйіздерін кесу, тарттыру және дегельминтизациялау) жүргізілуін жеңілдету үшін арнайы қыспа - дәліздер орнату.

Ет өндірудің технологиялық картасы:

1. Етті бағыттағы мүйізді ірі қараның 7-8 айлық таналарын 180 кг-дан жоғары салмақпен мемлекеттік ауыл шаруашылығы құрылымдарынан, шаруа қожалықтары мен жеке иеліктерден жыл бойына сатып алуды ұйымдастыру. Оларды мал дәрігерлік тексеру мен санитарлық өңдеу.

2. Әрбір 13-14 күн сайын еркек таналар 360 бастан (2 күн ішінде тәулігіне – 180 бастан) топтастырыла әкелінеді.

3. 60 бастан тұратын өндірістік топтарды құру және оларды жетілдіре өсіру және бордақылау кезеңдерінде өзгеріссіз сақтау. Мұндай топтағы таналар бір қора-жайда, бірдей азық рационнда бағылады.

4. Өндірістік топтардағы малдарды жетілдіре өсіру және бордақылау ұзақтығы – 300 тәулік.

5. 8-12 ай аралығында, бұзаулар қарқынды бордақылауға дайындалатын, жетілдіре өсіру кезеңінің ұзақтығы – 120 тәулік. Бір-бір жарым жас аралығында еркек таналарды бордақылау ұзақтығы – 180 тәулік.

6. Бордақылау аяқталған соң әр 13-14 күн сайын таналарды таразыға тарту. Салмағы 450-500 кг, қондылығы жеткілікті деңгейдегі еркек таналар сою цехына жіберіледі.

7. Еркек таналар кезең-кезеңімен екі апта ішінде 360 бастан сойылады.

Рацион құрамы мен мал азығының жалпы қажетті мөлшері (құнарлылығы бойынша пайызбен). Жетілдіре өсіру кезеңінде:

құрама азық – 45, пішендеме мен сүрлем – 55 (әр басқа 1162 азықтық бірлік (а.б.) қажет етіледі).

Бордақылау кезеңінде: құрама азық – 50, пішендеме мен сүрлем – 50 (әр басқа 1800 а.б. қажет етіледі).

Малды қыста 20-25°C-ға дейін жылытылған сумен суару. Дене жылуын сақтауға азық қуаты шығынын азайту үшін мал суару науалары жылыту жүйесімен қамтамасыз етілген.

При разработке проекта животноводческого комплекса по доращиванию и откорму молодняка КРС компания Crown Central Asia, совместно со специалистами Agricultural Engineering Associates и Казахского Национального Аграрного университета, исходила из того, что

строительство откормочной площадки должно осуществляться с учетом непрерывного и ритмичного производства говядины, специализации зданий и оборудования, комплексной механизации и автоматизации производственных процессов, при наличии прочной и устойчивой кормовой базы, высокой организации труда и постоянно действующих зоотехнических и ветеринарных мероприятий. Также была предусмотрена возможность дальнейшего расширения и модернизации откормочной площадки при создании системы собственного воспроизводства стада.

At project development of beef feedlot company Crown Central Asia, in common with experts Agricultural Engineering Associates and the Kazakh National Agrarian university, recognized that building of a feeding platform should be carried out with allowance for continuous and rhythmical production of beef, specialization of buildings and the equipment, complex mechanization and automation of productions, in the presence of a strong and stable forage reserve, high job management and constantly active zoo technical and veterinary actions. Also possibility of the further expansion and modernization of a feeding platform at creation of system of own reproduction of herd has been provided.